

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен  
кейінгі білім беру мәселелері жөніндегі  
Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің  
шешімімен  
МАҚҰЛДАНҒАН ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛҒАН**

**2024 жылғы 09 қыркүйектегі № 3 хаттама**



**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің  
білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – әдістемелік ұсынымдар) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының (бұдан әрі – МЖБС) негізінде әзірленді және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің (бұдан әрі-ТЖКОБ) білім беру бағдарламаларын іске асыру тетігін түсіндіреді.

2. Осы әдістемелік ұсынымдарда келесі анықтамалар қолданылады:

1) білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені;

2) жалпы құзырет – білім алушының адам өміріне қажетті кәсіптік салаларына ортақ міндеттерді шешуіне және өзінің жеке, әлеуметтік кәсіби қызметі үшін қажетті білім, білік және дағдылар жиынтығы;

3) базалық құзырет – болашақ маманның мамандыққа енуінің ерекшелігін көрсететін, таңдаған мамандығына сәйкес кәсіби дамуының негізін қалыптастыратын кәсіби құзыреттерді игеру үшін қажетті білім, білік және дағдылар жиынтығы;

4) кәсіби құзырет – кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім, білік және дағды, сондай-ақ жеке қасиеттер негізінде кәсіби міндеттер жиынтығын шешу қабілеті;

5) жалпыға міндетті модуль – білім алушының жалпы құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламасының функционалдық аяқталған құрылымдық элементі;

6) базалық модуль – білім алушының базалық құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламасының функционалдық аяқталған құрылымдық элементі;



7) кәсіптік модуль – кәсіби құзыретті қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламасының функционалдық аяқталған құрылымдық элементі;

8) академиялық кредит – білім алушының және (немесе) оқытушының (педагогтің) білім беру бағдарламасының оқу нәтижелеріне қол жеткізуге қажетті ғылыми және (немесе) оқу жұмысы (жүктемесі) көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі;

9) жұмыс оқу бағдарламасы – жұмыс оқу жоспарының нақты оқу пәні және (немесе) модулі үшін ТжКБ ұйымы әзірлейтін құжат;

10) жұмыс оқу жоспары – ТжКБ ұйымы әзірлейтін, оқу пәндерінің және/немесе модульдердің тізбесін, көлемдерін, оларды зерделеу дәйектілігін, сондай-ақ олардың игерілуін бақылау нысандарын регламенттейтін құжат;

11) оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар;

12) білім беру бағдарламаларының тізілімі (Тізілім) – ТжКБ ұйымдары әзірлеген білім беру бағдарламаларының тізбесін қамтитын білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттандыру объектісі.

## **2 тарау. Тізілімге енгізілген білім беру бағдарламаларын іске асыру**

3. ТжКОБ білім беру бағдарламалары (әскери, медициналық және фармацевтикалық мамандықтарды қоспағанда) білім беру бағдарламаларының Тізілімінде қамтылады.

4. ТжКОБ мазмұны білім беру бағдарламаларымен анықталады және оқыту нәтижелеріне бағдарланады.

5. ТжКОБ білім беру бағдарламаларында оқыту нәтижелері көрсетіледі, олардың негізінде оқу жоспарлары (жұмыс оқу жоспарлары, студенттердің жеке оқу жоспарлары) және модульдер/пәндер бойынша жұмыс оқу бағдарламалары әзірленеді.

6. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде ТжКБ ұйымдар міндетті оқытуға бөлінген кредиттердің/сағаттардың жалпы санын сақтай отырып, пәндердің/модульдердің көлемі мен мазмұнын дербес айқындайды.

Білім беру ұйымының қалауы бойынша жалпы білім беретін пәндер циклін/модулін оқыту нәтижелері, үлгілік оқу бағдарламаларындағы деректер топтастырылуы және ірілендірілуі, сондай-ақ оларды игеруге бөлінген кредиттердің/сағаттардың мазмұны мен көлемі бойынша өзгертілуі мүмкін.

7. Жұмыс оқу жоспарларын әзірлеу кезінде ТжКБ ұйымдардың:

➤ тізілімге енгізілген білім беру бағдарламасынан біліктіліктердің реттілігін, тізбесін және санын анықтауға;



➤ бір немесе бірнеше біліктілік бойынша кадрлар даярлау кезінде тізілімге енгізілген мамандық бойынша білім беру бағдарламасынан модульдер мен оқыту нәтижелерін таңдауға (қолдануға);

➤ білім беру базасына, сондай-ақ дуальды оқытуға байланысты жалпыға міндетті, базалық және кәсіптік модульдерді (жалпы кәсіптік және арнайы пәндерді) игеруге бөлінген кредиттер/сағаттар көлемін өзгертуге құқығы бар.

8. Жалпы орта білім беру базасында білім алушыларды даярлауға бағдарланған оқу жұмыс жоспарларын әзірлеу кезінде білім беру бағдарламасының мазмұнында жалпы білім беретін пәндердің циклі/модулі көзделмейтінін ескеру қажет.

9. Оқыту нәтижелеріне негізделген, оның ішінде дуальды оқыту жүйесі бойынша оқу жұмыс жоспарларының мазмұны оқытудың келесі траекторияларын:

- жұмысшы біліктіліктерін;
- жұмысшы біліктілігі және орта буын маманын;
- орта буын маманын игере отырып құруға мүмкіндік береді.

10. Өндірістік оқыту және кәсіптік практика жалпы кәсіптік және арнайы пәндердің жалпы көлемінің немесе базалық және кәсіптік модульдерге (әскери оқу орындарын қоспағанда) бөлінген кредиттердің жалпы көлемінің кемінде 40% құрайды.

11. Өндірістік оқыту білім беру ұйымының қалауы бойынша және / немесе жұмыс берушілердің талабы бойынша кәсіптік практика нысанында жүргізілуі мүмкін. Бұл ретте техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында техникалық, технологиялық, ауылшаруашылық мамандықтары бойынша өндірістік оқыту шебері лауазымының штат бірлігі белгіленгенін ескеру қажет.

12. Техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламалары дуальды оқытуды пайдалана отырып, кәсіптік модульдердің білім беру ұйымдарында теориялық оқытуды және кәсіпорын (ұйым) базасында кәсіптік практика түрінде өндірістік оқыту, жалпы кәсіптік, арнайы пәндердің және (немесе) базалық, кәсіптік модульдердің оқу уақыты көлемінің кемінде алпыс пайызын көздейді.

Дуальды оқыту кезінде оқу жоспарындағы өндірістік оқытуға және кәсіптік практикаға бөлінген сағат көлеміне (жалпы кәсіптік, арнайы пәндердің және (немесе) базалық, кәсіптік модульдердің оқу уақыты көлемінің кемінде 60%), оның ішінде білім беру ұйымының базасында өткізілетін өндірістік оқытуға арналған сағат саны енгізіледі.

13. Таңдалған мамандыққа қызығушылықты арттыру, білім алушылардың оқудан шығуының алдын алу мақсатында жұмыс оқу жоспарын әзірлеу кезінде білім беру ұйымдарына мүмкіндігінше біліктілігіне қарай 1-курста базалық және / немесе кәсіптік модульдерді зерделеуді көздеу ұсынылады.



14. ТЖКБ ұйымның қалауы бойынша жалпыға міндетті модульдер әскери мамандықтарды қоспағанда, мамандықтың бейініне байланысты базалық және (немесе) кәсіптік модульдерге толық немесе ішінара интеграцияланады.

15. ТЖКБ ұйымның қалауы бойынша әскери мамандықтарды қоспағанда, базалық модульдер кәсіптік модульдерге толық немесе ішінара интеграцияланады.